

ХЖТ кітапшасын қолдану арқылы жүктерді халықаралық тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 шілде N 1038

Қазақстандық автокөліктік тасымалдаушыларға транзиттік мемлекеттердің шекарасынан өту үшін қолайлы жағдай тудыратын ХЖТ кітапшасын қолдану арқылы жүктерді халықаралық тасымалдау жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстанның Автокөлік және автомобиль жолдары кешені ассоциациясына ХЖТ кітапшасын беру және 1975 жылғы Халықаралық жүктерді тасымалдау туралы кедендік конвенцияның (бұдан әрі - 1975 жылғы ХЖТ конвенциясы) 6-бабына сәйкес қажетті рәсімдерді орындағаннан кейін жүктерді тасымалдау кезінде тиісті кепілдіктер ұсыну құқығын беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі: белгіленген тәртіппен Қазақстанның Автокөлік және автомобиль жолдары кешені ассоциациясымен бірлесіп қазақстандық тасымалдаушыларды - көрсетілген Ассоциацияның мүшелерін транзиттік жол жүруге, Қазақстан Республикасының жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдауларға рұқсат ету жүйесін енгізуді көздейтін келісімі бар шетелдік мемлекеттердің аумағына кіруге арналған рұқсаттардың қажетті с а н ы м е н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде қызметтер

көрсетудің тізбесін кеңейту жөніндегі одан арғы жұмысты жалғастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстанның Автокөлік және автомобиль жолдары кешені ассоциациясына 1975 жылғы ХЖТ конвенциясына сәйкес ХЖТ рәсімдерін пайдалану кезінде кепілдікті бірлестіктің функцияларын жүзеге асыруға жәрдем көрсетсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК